**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№1**

**Қатыстан: 7** **күні:** 26.08.2022

Хуат А
Кункенова М.Н
Кункенова Г.А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттаремн оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.
2. Күнтізбелік жоспарларын тексеру, бекіту
3. Күнделік.кз платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы
4. Сынып оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстыру

5. Сабақ өткізудің сапасын арттыруға бағытталған пәнге деген алдыңғы қатарлы жаңашыл әдіс-тәсілдеді оқып үйрену.

6. Дәптерді толтыру ережесімен танысу, өзгеріс енгізу.

**1-сұрақ**

2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Нұсқау хатты оқып талқылау, стандартты орындау туралы пікірлер талқыланды.

**2-сұрақ**

Әр сыныптың сағат санына қарай 472 бұйрық бойынша күнтізбелік жоспарды оқу ісінің меңгерушісіне және директорға бекіту керектігі туралы айтылды.

**3-сұрақ**

Күнделик кз-ті күнделікті қадағалап отыру керектігі жайлы, және мониторинг жүргізіліп отыратыны жайлы айтылды.

**4-сұрақ**

Мұғалімдерге оқу барысындағы кауіпсіздік жайлы айтылды. Бастауыш сыныптың жоғарғы сыныптарға шығып кетпей, кезекшілік бойынша әр мұғалім өз сыныптарын қадағалау керектігі жайлы ескерілді.

**5-сұрақ**

Жаңа оқу жылында жаңашыл көз қараспен оқушылардың зейінін ашу мақсатында, мұғалімдерге жаңаша әдіс-тәсілдерді ойлап іздену жайлы және де өзін-өзі жетілдіру туралы ой-пікірлер айтылды.

**6-сұрақ**

Оқушының күнделікті дәптерін қалай толтыру керектігі жайлы және ережеге бағыну керектігі жайлы, одан әрі оқушылардың күнде ұстап жүретін күнделіктері жайлы толық айтылды.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**
2021-2022 жылғы стандартты орындау. Әдістемелік нұсқау хатпен толығырақ танысу. Нормативтік құжаттарды жаңарту.
**2-сұрақ**
Күнтізбелік жоспарды бекіту
**3-сұрақ**
Кунделік.кз-ке күнділікті кіріп, журналды толтырып отыру.
**4-сұрақ**
Сынып оқушыларының қауіпсіздігін қадағалау. Қоңырау кезінде кезекшілікті атқару.
**5-сұрақ**
Жаңа әдіс-тәсілдер ойлап табу, өзін-өзі жетілдіру.
**6-сұрақ**

| **пәні** | **дәптер саны** | |
|---|---|---|
| Қазақ тілі | 4 | - 2 жұмыс дәптері;<br>- 1 шығарма және мазмұндама дәптері;<br>- 1 диктант дәптері;<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Әдебиеттік оқу | 1 | - 1 жұмыс дәптері;<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Орыс тілі | 4 | - 2 жұмыс дәптері;<br>- 1 шығарма және мазмұндама дәптері;<br>- 1 диктант дәптері;<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Ағылшын тілі | 2 | - 1 жұмыс дәптері;<br>- 1 жиынтық бағалауға арналған дәптері;<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Математика | 3 | - 2 жұмыс дәптері;<br>- 1 бақылау жұмысы дәптері;<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Жаратылыстану | 1 | - 1 жұмыс дәптері (ұзын жол);<br>Жиынтық тағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |
| Дүниетану | 1 | - 1 жұмыс дәптері (ұзын жол);<br>Жиынтық бағалау дәптері жеке кітапша ретінде болады |

Дәптер сыртын 1 сыныпта мұғалім қолмен толтырады, ал 2 сыныптың 1 жартыжылдығынан бастап үлгі бойынша дәптердің сырты ақ қағазбен қапталып, компьютер арқылы толтырылу керек.

***Олжабай батыр ауылының***
***жалпы орта білім беретін мектебінің***
***3 «А» сынып оқушысы***
***Айдарұлы Досболдың***
***қазақ тілі дәптері***

Күнделіктің сырты 1-4 сыныпта біркелкі қылып тысталады.

Оқушылардың қаламдары көк түсті сия болуы керек. 1, 2 сыныпта кіші жол дәптерлеріне, ал 3 сыныптың 1 жартыжылдығынан және 4 сыныпта үлкен жол дәптерге жазуы қажет. 3 сыныптың 1 тоқсанында көркем жазуға кіші жол дәптер арнаған жөн.

1-2-сыныпта кіші жол дәптердегі кіші әріптің биіктігі 4 мм, көмекші жолдың биіктігі 8 мм болады. Үлкен жолды дәптерде кіші әріптердің биіктігі 3 мм, бас әріптің биіктігі 6 мм болады.

Дәптердегі барлық жұмыстар төмендегі талаптарды, ережелерді сақтай отырып жүргізілуі керек:
- жазуы ұқыпты;

- оқушылардан әрбір әріпті дұрыс жазу, әрбір жаңа ойды абзацтан (жаңа жолдан) бастап жазу, жолды дәптердің түп жағынан (10-15 мм), оң жағынан (20 мм), тор дәптердің түп жағынан 2 тор, шектеу сызығына 1 тор жетпейтін бос орын қалдыру, біркелкі көркем жазу талап етіледі.
- 1,2 және 3 сыныптың 1 жартыжылдығында ай аты жазбаша, күн реті араб цифрымен жол ортасынан жазылады;
- 3 сыныптың 2 жартыжылдығынан және 4 сыныпта ай аты мен күн реті жазбаша жазылады.
- күн реті мен жұмыс түрінен соң нүкте қойылады.

*Қазанның тоғызы.* *Қазанның 9-ы.*
*Сынып жұмысы.* *Сынып жұмысы*

- Үй жұмысы сынып жұмысының жалғасы деп есептелінеді де, күн реті жазылмайды;
- 1 сыныптың 3 тоқсанынан бастап жаттығу сөзі толық жазылады. Мысалы:

***15-жаттығу***

- Тапсырмаға сәйкес сөздерді бағандарға бөліп жазғанда бірінші сөзі бас әріптен үтірсіз жазылады. Мысалы:

***Бала***
***бақа***
***барыс***

- Сынып жұмысын немесе үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жол қалдырылмайды;
- Мәтін азат жолдан басталады;
- Сынып жұмысы мен үй жұмысының арасында математика пәнінен 2 жол қалдырылады;
- Талдау жасау тапсырмаларын орындағанда жақсы ұшталған қара қарындашпен орындаған жөн;
- Ереже, емлені белгілеу үшін жасыл сияны қолдануға болады.

**Көркем жазу жұмыстары**

Көркем жазуға әр сабақ сайын 5 минут бөлінеді. Тақтада түсіндіре отырып жазу үлгісі көрсетіледі. Көркем жазу жұмыстарының көлемі:
1-2 сыныпта-1-2 жол
3 сыныпта – 3 жол
4 сыныпта - 3-4 жол

Тексерген соң мұғалім 3 жолдан аспайтын түзетуге бағытталған үлгі жазуды көрсетеді. Бастауыш оқытуда 4 жыл бойына жүйелі түрде (міндетті) әріп элементтерін дұрыс қосуға бағытталған жүйелі жұмыс жүреді.

Сынып, үй жұмыстарын тексергенде дұрыс жазылмаған әріптерді түзетіп тұру қажет немесе дәптер шетіндегі қызыл сызықта арнайы көрсету қажет. Бұндай әріптер мен әріптер байланысуын түзету жұмыстарын жазуға беру керек.

**Сабақтағы сөздік жұмысы**

Сөздік жұмыс әр сабақтың міндетті кезеңі деп саналады. Сөздік сын жұмысы аптасына 1-2 рет бақылау үшін жүргізіледі.

**Жазба жұмыстарын тексеру тәртібі**

**<u>Жазба жұмыстарын тексергенде төмендегі ережелерді ұстану қажет:</u>**

- Қатенің астын сызу, түзету, кері байланыс жасау **<u>қызыл сиямен</u>** жүргізіледі;
- Қате жазылған әріп немесе тыныс белгісі көлбеу сызықпен сызылады, қажетті тыныс белгісі қойылады;
- Қате жазылған сөздің бөлігі, сөйлем жіңішке түзу сызықпен сызылып тасталады;

- Математика пәнінен **7 тор көз қалдырып 8 тор көзге күннің атауын жазу керек.**
**-дәптердің сол жағынан 1 тор көз қалдырып, есеп жазылады. Есеп арасында 3 тор көз қалдырылып, 4 тор көзге жазылады.**
-Тапсырма реті математика пәнінен **1.2.3. болып**, казақ тілі пәнінен **1-жаттығу_**орыс тілі пәнінен **упражнение** сөзі жазылмай, жаңа тапсырма **азат жолдан** басталып отырады.
-әдебеттік оқу пәнінен **1-тапсырма** жазылады орыс сыныптарында **1.** болып жазылады.
**-Есіңде сақта! Азат жолдан жазылады**.

- 1,2 сыныптарда сызылып тасталғанның үстіне әріп, сөз, сөйлем жазылады;
- 3-4 сыныптарда (дәптер шетіне) жазылады (/)- емлелік қате, (V) – тыныс белгілерінен жіберілген қате;
- Кері байланыс тапсырманың сол жағына қойылады;
- Мадақтау жазулары жазылады;
- Ескерту, сұраулы ескертулер жазбаған жөн;
- 2,3,4 сыныптарда мазмұндамаларға, шығармаларға дәптерге 2 баға (әуелі мазмұнына, кейінгісі қатесіне) қойылады (журналда 1 баға мазмұнына қойылады);
- Жазба жұмыс дәптерлері күнбе-күн тексерілуі керек;
- Қатемен жұмыс жасалынады;

Үй тапсырмасының көлемі сынып жұмысының 1/3 бөлігінен аспауы керек. **Үй жұмысын және сынып жұмысын орындап болғаннан кейін математика сабағынан кері байланысқа 4 тор көз қалдыру қажет.**
3 сынып жұмысының көлемі сын жұмысы көлемінен (+,-) 5 сөз болуы тиіс.

ӘБ жетекшісі: Альмагамбетова С.Ж

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№2**
**Қатыстан: 7** **күні:** 05.09.2022

Хуат А
Кункенова М.Н
Кункенова Г.А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттаремн оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.
2. Күнтізбелік жоспарларын тексеру, бекіту
3. БілімЛЕНД, Дарын онлаин тағы басқа білім беру платформаларымен жұмы істеу нұсқаулығы

4.Сынып оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстыру

5. Сабақ өткізудің сапасын арттыруға бағытталған пәнге деген алдыңғы қатарлы жаңашыл әдіс-тәсілдеді оқып үйрену.

6. Кунделік.кз-ке тақырыптық жоспарларды енгізу, толтыру

**1-сұрақ**
2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Нұсқау хатты оқып талқылау, стандартты орындау туралы пікірлер талқыланды.
**2-сұрақ**
Әр сыныптың сағат санына қарай 472 бұйрық бойынша күнтізбелік жоспарды оқу ісінің меңгерушісіне және директорға бекіту керектігі туралы айтылды.
**3-сұрақ**
БілімЛЕНД, Дарын онлаин платформаларымен қалай жұмыс жасау керектігі жайлы, оқушылар бұл платформаға қалай кіру керектігі және де тіркелу ережесі түсіндірілді. Басқа да платформалармен ауқымды қалай жұмыс жасау керектігі жайлы толық мәлімет берілді.

**4-сұрақ**
Мұғалімдерге оқу барысындағы кауіпсіздік жайлы айтылды. Бастауыш сыныптың жоғарғы сыныптарға шығып кетпей, кезекшілік бойынша әр мұғалім өз сыныптарын қадағалау керектігі жайлы ескерілді.
**5-сұрақ**
Жаңа оқу жылында жаңашыл көз қараспен оқушылардың зейінін ашу мақсатында, мұғалімдерге жаңаша әдіс-тәсілдерді ойлап іздену жайлы және де өзін-өзі жетілдіру туралы ой-пікірлер айтылды.
**6-сұрақ**
Күнделік кз-ті күнделікті қадағалап отыру керектігі жайлы, және могиторинг жүргізіліп отыратыны жайлы айтылды.
**7-сұрақ**

Оқу жылының басында тілдер күніне орай апталық болатыны жайлы хабарландыру жасалды. Бұл мерекеге жаппай ат салысып, оқушылардың белсенділік таныту керектігі жайлы және де сонын барлығын сынып жетекші қадағалап отыратыны жайлы ескертілді.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**

2021-2022 жылғы  стандартты орындау. Әдістемелік нұсқау хатпен толығырақ танысу. Нормативтік құжаттарды жаңарту.

**2-сұрақ**

Күнтізбелік жоспарды бекіту

**3-сұрақ**

БілімЛЕНД, Дарын онлаин платформасына үнемі кіріп, оқушыларды тіркеу, үйрету.

**4-сұрақ**

Сынып оқушыларының қауіпсіздігін қадағалау. Қоңырау кезінде кезекшілікті атқару.

**5-сұрақ**

Жаңа әдіс-тәсілдер ойлап табу, өзін-өзі жетілдіру.

**6-сұрақ**

Кунделік.кз-ке күнділікті кіріп, журналды толтырып отыру.

**7-сұрақ**

Тілдер күніне белсенді қатысу

ӘБ жетекшісі: Альмагамбетова С.Ж

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№3**

**Қатыстан: 7** **күні:** 10.10.2022

Хуат А
Кункенова М.Н
Кункенова Г.А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді өткізуге болады?» іс-тәжірибемен бөлісу пікір алмасу
2. Шығармашылық топ құру
3. Кунделик журналын жүргізу

**1-сұрақ**

«Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді өткізуге болады?» іс-тәжірибемен бөлісуге болады?-деген сұраққа түрлі пікір айтылды. Мұғалімдер өздері ойлап тапқан әдіс-тәсілдермен бөлісіп тәжірибе алмастық.

**2-сұрақ**

Мектепте авторлық әдіс-тәсілдерді құрастыру мақсатында ұйымдастырған шығармашылық топ құру керектігі жайлы айтылды. Сабақтың қызықты өтуі, әрі ойға тез қонуы тікелей жаңа тәсілдерге байланысты

**3-сұрақ**

Кунделік журалы аптасына бір қадағаланып тексеріліп, мониторинг жүргізіліп отыратыны жайлы айтылды. Және де ата-анамен тікелей байланыста болып, қадағалау міндетті түре болу керектігі жайлы мәлімделді.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**

Үнемі мұғалімдер арасында тәжірибемен алмасу

**2-сұрақ**

Шығармашылық топқа бастауыш сынып мұғалімі Хуат А. Альмагамбетова С.Ж тағайындалды.

**3-сұрақ**

Үнемі ата-анамен байланыста болу, пайызды түсірмеу.

ӘБ жетекшісі: Альмагамбетова С.Ж

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№4**

**Қатыстан: 7** **күні:** 07.11.2022

Хуат А
Кункенова М.Н
Кункенова Г.А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. Оқу процесіндегі белсенді әдіс тәсілдер
2. Қазақ тілі, орыс тілі пәні бойынша дәптер жүргізу.
3. Сауаттылықты қалыптастыру әдіс-тәсілдері
4. Бастауыш онкүндігі

**1-сұрақ**
Оқу процесіндегі белсенді әдіс тәсілдерді мұғалімдер күнделікті сабаққа қолану керектігі жайлы мәлімдеме айтылды. Себебі жаңа әдістер арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын артуға болады.

**2-сұрақ**
Жазбаша сабақтарда дәптерді ережеге сай ұстау керектігі және тазалыққа мән беру керектігі жайлы ескерту жасалды. Дәптердің тысы біркелкі ақ қағазбен тысталу керектігі жайлы мәлімделді.

**3-сұрақ**
Сауаттылық қалыптастыру мақсатында шығармашылық топқа тапсырма берілді. Жаңа әдіс-тәсілдер ойлап табу.

**4-сұрақ**
Алдағы айда бастауыш онкүндігі өтетіні жайлы айтылды. Жоспарға сай қай мұғалім қандай іс-шара өткізетіні жайлы пікір алмасты.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**
Белсенді әдіс-тәсілдерді ойлап табу.

**2-сұрақ**
Дәптерді ережеге сай ұстау

**3-сұрақ**
Сауаттылыққа байланысты жаңа әдіс-тәсілдер ойластыру

**4-сұрақ**
Бастауыш онкүндігіне жоспар құру

ӘБ жетекшісі: Альмагамбетова С.Ж

**Олжабай [illegible] жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№5**

Қатыстан: 7 күні: 23.12.2022

Хуат А

Кункенова М.Н

Кункенова Г.А

Дуйсенова [illegible]

Умурзакова Г.К

Альмагамбетова С.Ж

Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. 1 жарты жылдықтың қорытындысындағы мемлекеттік оқу бағдарламасының орындалуы
2. БЖБ ТЖТ тапсырмаларын талдау
3. Шығармашылық пен озық педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдермен байланыс жасау

**1-сұрақ**

1 жартыжылдықтағы мемлекеттік оқу бағдарламасының орындалуы жайлы мәлімдеме айтылды және де қатаң қадағалау керектігі жайлы ескертілді.

**2-сұрақ**

БЖБ ТЖБ тапсырмаларын әр сыныптың оқу деңгейіне сайма-сай екендігі жайлы талдау жасалынды. Тоқсан сайын қанша БЖБ болу керектігі оқу бағдарламасына қарап тексерілді.

**3-сұрақ**

Жұмыс өтілі көп мұғаліммен және де шығармашылық пен озық педагогикалық тәжірибесі бар мұғаліммен байланыста болу, оқу тәжірибесімен алмасу керектігі жайлы айтылды.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**

Мемлекеттік оқу бағдарламасын орындау.

**2-сұрақ**

БЖБ ТЖБ тапсырмаларын кестеге сай орындау.

**3-сұрақ**

Озық педагогикалық өтілі бар мұғаліммен байланыста болу. Сабақтарға кіріп, тәжірибе алмасу.

ӘБ басшысы: [signature] Альмагамбетова С.Ж

**№ 6 хаттама**
**Олжабай батыр ауылының ЖОББМ**

**Күні** _23.06.2022_

**Қатысқандар:**
Балкенова. Д. А-кітапханашы
**Бастауыш сынып мұғалімдері:**
Кункенова. М.Н
Кункенова. Г.А
Альмагамбетова С.Ж
Ерғазы. С
Умурзакова. Г.Қ
Дюсембаев. М.Т
Смаилова С.К- оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары

**Күн тәртібінде:**

1. 2 сыныпқа арналға кітап баспасын талқылау және бекіту

**Тыңдалды:** Балкенова Дина Абухамитқызы -мектеп кітапханашысы

2-сыныпқа арналған оқулықтарда оқу материалын іріктеуде оқушы жас ерекшелігі ескерілген. Оқу материалы оқушы үшін түсінуге ыңғайлы. Материалдар оқушының ізденісіне қарай бағытталып құрылған. Топпен, жұппен орындалатын жұмыстар, шығармашылыққа арналған тапсырмалар, терең ойлауға арналған тапсырмалар берілген. Оқушыларға сөйлем, ереже, мағұлмат, түбір, жұрнақ, жалғаулардың шартты белгілерін бере отырып, оқушыны жетелеуге тапсырмалар берген. Оқулық соңында қысқаша түсіндірме сөздігі берілген. Ол оқушы үшін түсінбеген сөздерді қарап шығуға мүмкіндіктері бар. Жалпы «Атамұра», «Алмакітап баспасы», «Мектеп» «Арман ПВ» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ баспаланының ішінен өз тандауларыңызды жасауға болады. Әр баспа өз тиімділігін көрсетуде. Сіздерге 2-сыныпқа арналған оқулықтардың тізбесін (баспасы) ұсынамын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазақ тілі. Оқулық 1, 2-бөлім | Ә. Жұмабаева, Г. Уайсова, Г. Сәдуақас | 2022 | Атамұра |
| Әдебиеттік оқу. Оқулық 1, 2-бөлім | Б. Қабатай, В. Қалиева, Ү. Зейнетоллина | 2022 | Атамұра |
| Әдебиеттік оқу. Оқулық 1,2-бөлім | Ә. Рысқұлбекова, З. Мұфтибекова, К. Сейсенбаева | 2022 | Алматыкітап баспасы |
| Әдебиеттік оқу. Оқулық 1,2-бөлім | Б. Қапалбек, Л. Нургожина, Ш. Шортанбай | 2022 | Мектеп |
| Русский язык. Учебник | Калашникова Т., Карпыкова Г., Беспалова Р., Сарсенбекова А. | 2022 | Алматыкітап баспасы |
| Математика. Оқулық 1, 2-бөлім | Т. Оспанов, Ж. Астамбаева, Н. Мергенбаева. | 2022 | Атамұра |

| | | | |
|---|---|---|---|
| сауаттылық. Оқулық | Ә. Қаптағаева, А. Юсупова. | | |
| Цифрлық сауаттылық. Оқулық | Р. Қадырқұлов, Г. Нұрмұханбетова, У. Ғайыпбаева. | 2022 | Алматыкітап баспасы |
| Цифрлық сауаттылық. Оқулық | Д. Исабаева, А. Назарбекова, П. Зординова, М. Әубекова. | 2022 | Атамұра |
| Жаратылыстану. Оқулық | С. Көшербаева, Л. Көдек, Г. Тәшенова | 2022 | Атамұра |
| Жаратылыстану. Оқулық | Ж. Сүйіндікова, В. Зворыгина, Н. Болтушенко, Т. Помогайко, О. Лауто, Т. Яндулова | 2022 | Алматыкітап баспасы |
| Жаратылыстану. Оқулық | Е. Тулегенов, Б. Аушахманова, К. Жомартова, С. Қараева | 2022 | Арман-ПВ |
| Дүниетану. Оқулық | К. Байтенова, Ж. Кажигалиева, Н. Орехова. | 2022 | «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ |
| Дүниетану. Оқулық | Б. Тұрмашева, С. Салиш, А. Раева | 2022 | Атамұра |
| Дүниетану. Оқулық | Ш. Толыбекова, Г. Головина, М. Дюжикова, В. Золотарева | 2022 | Мектеп |
| Өзін-өзі тану. Оқулық | Р. Мукажанова, Г. Омарова, Ж. Акимбаева, Р. Изгуттынова, Г. Кошкеева, Н.Оналбаева, Б. Ахатаева К. Таттимбетова | 2022 | «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғам |
| Көркем еңбек. Оқулық | Н. Королькова, С. Жолдасбекова, Д. Мадиева | 2022 | Алматыкітап баспасы |
| Көркем еңбек. Оқулық | Н. Раупова, Ә. Төлебиев, Г. Жарымбетова. | 2022 | Атамұра |
| Көркем еңбек. Оқулық | Е. Ермилова, С. Попкова, С. Козина | 2022 | Мектеп |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Музыка. Оқулық | Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжанов | 2022 | Атамұра |
| Музыка. Оқулық | М. Оразалиева, С. Омарова, М. Умарова | 2022 | Алматыкітап баспасы |

**Сөз сөйлегендер:**

Кункенова Майкен Назымбековна-бастауыш сынып мұғалімі

«Атамұра» баспасының оқулықтары оқу бағдарламасына сәйкес.

Оқулықтардың мазмұндық жағы, жалпы құрылымы мазмұны жағынан бағдарлама толықтай қамтылған. Оқу материалын іріктеуде және мәтіндік есептер оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқушылардың логикалық қабілетін дамытуға, зияткерлік интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар көбірек берілген. Өз бетімен, екеулеп орындауға арналған тапсырмалар бөліп берілген.

Дюсембаев Мухамедкали Темирбаевич-бастауыш сынып мұғалімі

«Атамұра» баспасының оқулық мәтіні, тақырыптарға бөлінуі, оқулықта сабақтың басталуы, жаңа ұғымдар, қайталауға арналған жаттығулар, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар шартты белгілер арқылы беріліп, оқушыларға түсінікті тілмен жеткізіле білген.

Кункенова Гульмира Абайевна- бастауыш сынып мұғалімі

«Атамұра» баспасының орыс тілі пәні бойынша негізгі мәтіндер теориялық және тәжірибелік білімдер қатар берілген. Оқулықта берілген тапсырмалар оқушыны өз ойларын айта білуге, қорғауға және дәлелдеуге құрылған. Оқулықтағы шартты белгілерді назарға ала отырып, оқушы қай бағытта жұмыс жасайтынын біледі. Берілген суреттерге байланысты оқушыларға түрткі сұрақтар арқылы өз ойын өрбітуге де көңіл бөлінген. Оқулықта оқушы үшін берілген тапсырмалар күрделі болса, астына «үлгі» ретінде көретілген. Оқулық артында қиын сөздерге түсіндірме сөздіктері берілген. Оқулықтағы материалдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жазылған.

Смаилова Саягуль Канатовна- оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары

«Атамұра» оқулығында ағылшын пәні бойынша грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателер сипаты байқалмады.Өлшемі талапқа сай, жолдар арасындағы ара қашықтық сақталған. Оқулықтың беттеріндегі түрлі оқу материалын орналастыру мүмкіндігіне форматы сәйкес және пайдалануға ыңғайлы. Қағаздың сапасы жақсы, әріптері анық, тығыздығы, қалыңдығы жақсы, тасымалдауға ыңғайлы

**Қаулы етті:**

Айтылған пікірлер мен дауыс беру қорытындысымен 2-сыныпқа пәндер бойынша «Атамұра» баспасы бекітілсін.

Төрайымы: Альмагамбетова С.Ж

Хатшы: Умурзакова.Г.К

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістемелік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№6**

**Қатыстан:** 7 **күні:** 18.01.2022

Хуат А
Кункенова М.Н
Кункенова Г.А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Ракыш Б.К

**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама «Жаңартылған білім мазмұны бастауыш сыныптарда»
2. Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу
3. 1 жартыжылдық қорытындысының есебі

**1-сұрак**
«Жанартылған білім мазмұны бастауыш сыныптарда» атты баяндаманы Хуат Арман ұл оқыды.
**2-сұрак**
Тәжірибелі ұстаз деп Кункенова М.Н Кункенова Г.А Дюсенбаев М.Т және де көптеген жоғары сынып мұғалімдерін айтамыз. Осы мұғалімдердің сабақтарына кіріп. Өзімізге сабақ алу керектігі жайлы айтылды
**3-сұрак**
1 жарты жылдық есебі туралы есеп оқылды. Бастауыш сыныбының 1 токсан мен 2 токсан арасындағы пайыздық көрсеткіш туралы айтылып кетті. Алдағы токсанда пайыздық көрсеткіш жоғарлау керектігі туралы айтылды. Жәнс оған көптеген ізденіс танытып белсенді болу керектігіміз туралы мәлімделінді

**Қаулы етті.**
**1-сұрақ**
Бастауыш сынып оқушыларың қызығушылықтарын арттыру
**2-сұрақ**
Мұғалімдердің сабақтарына кіру.
**3-сұрақ**
Пайыздық көрсеткішті арттыру. Оқушыларды қызықтыру.

ӘБ басшысы: Альмагамбетова С.Ж

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№7**

**Қатыстан: 7** **күні:** 28.02.2023

Хуат А

Кункенова М.Н

Кункенова Г.А

Дуйсенбаев М.Т

Умурзакова Ә.К

Альмагамбетова С.Ж

Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама «Бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды пайдаланудағы тиімділігі»
2. 8 наурыз мерекесіне безендіру жұмыстары

**1-сұрақ**

Әдістемелік бірлестіктің 7 отырысында Кункенова Майкен Назымбекқызы «Бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды пайдаланудағы тиімділігі» туралы баяндама оқыды.

**2-сұрақ**

8 наурыз мерекесіне безендіру жұмыстары жайлы талқыланып, мерекелік іс-шараны қандай форматта өткізетініміз жайлы мәселе талқыланды.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**

Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.

**2-сұрақ**

8 наурыз мерекесін әр сынып өз кабинеттерінде өткізетін болып шешім қабылданды.

**Олжабай батыр ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш әдістеметік бірлестігінің отырысының хаттамасы**

**№8**

**Қатыстан:** 7 **күні:** 06.03.2023

Хуат А
Кункенова [illegible] Н
Кункенова [illegible] А
Дуйсенбаев М.Т
Умурзакова Г.К
Альмагамбетова С.Ж
Рақыш Б.Қ

**Күн тәртібінде:**

1. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер
2. Күнделік журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдау
3. ТЖБ БЖБ тапсырмаларын талдау

**1-сұрақ**
Умурзакова Гүлдана Қайратқызы «Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер» атты баяндама оқып, өз әдіс тәсілдерімен бөлісті
**2-сұрақ**
Күнделік журналын күндегісін күнде толтырып отыру керектігі жайлы айтылды. Пайыздық көрсеткіш төмен болмау керектігі жайлы ескертілді.
**3-сұрақ**
ТЖБ БЖБ тапсырмалары оқушылар деңгейіне сай келу керектігі жайлы әрі мұғалім өзі құрастыру керек екендігі жайлы толықтырып айтыла кетті.

**Қаулы етті:**

**1-сұрақ**
Үнемі сабақта жаңадан әдіс-тәсілдер қолдану
**2-сұрақ**
Күнделіктің пайызын түсірмей күнде толтырып отыру.
**3-сұрақ**
ТЖБ БЖБ тапсырмаларын оқушы деңгейіне сай беру.